

Жергілікті атқарушы органдардың 2015-2017 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 29 маусымдағы № 466 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 тамызда № 11821 болып тіркелді

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.12.2015 № 776 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жергілікті атқарушы органдардың 2015-2017 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.12.2015 № 776 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

М. Құсайынов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і

8 шілде 2015 жыл

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

экономика

министрінің

2015

жылғы

29

маусымдағы

№ 466 бұйрығымен бекітілді

Жергілікті атқарушы органдардың 2015-2017 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелері, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері

Ескерту. Лимит жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.12.2015 № 776 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

МЫҢ ТЕҢГЕ

р/р №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелері, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау лимиті											
		2015 жыл				2016 жыл				2017 жыл			
		ЖАО МЖӘ ММ лимиті			Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті			Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті			Қабылдау лимиті
1	Ақмола облысы	9	835	872	9 334 216	10	848	266	10 346 611	11	406	628	10 904 973
2	Ақтөбе облысы	17	862	459	17 862 459	21	113	644	21 113 644	20	721	222	20 721 222
3	Алматы облысы	23	856	532	23 856 532	27	651	583	27 651 583	30	910	832	30 910 832
4	Атырау облысы	16	694	853	16 694 853	17	267	904	17 267 904	16	819	713	16 819 713
5	Шығыс Қазақстан облысы	16	122	423	16 122 423	17	951	040	17 951 040	19	973	984	19 973 984
6	Жамбыл облысы	7	719	437	7 719 437	8	162	831	8 162 831	8	341	749	8 341 749
7	Батыс Қазақстан облысы	10	637	750	10 637 750	10	677	011	10 677 011	11	404	672	11 404 672
8	Қарағанды облысы	23	127	513	23 127 513	28	109	160	28 109 160	29	294	549	29 294 549
9	Қызылорда облысы	7	747	661	7 747 661	8	728	640	8 728 640	8	746	222	8 746 222

10	Қостанай облысы	11 517 670	11 232 870	12 586 214	12 301 414	12 875 778	12 590 978
11	Маңғыстау облысы	17 274 901	17 274 901	6 994 112	6 994 112	8 053 666	8 053 666
12	Павлодар облысы	16 924 837	16 924 837	17 842 474	17 842 474	19 240 527	19 240 527
13	Солтүстік Қазақстан облысы	6 142 852	4 434 712	6 481 594	4 773 453	6 930 348	5 222 208
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	15 336 907	15 336 907	16 970 777	16 970 777	17 431 693	17 431 693
15	Алматы қаласы	44 692 793	31 692 793	46 420 026	46 420 026	47 000 000	47 000 000
16	Астана қаласы	30 497 853	30 497 853	30 301 151	30 301 151	31 104 622	31 104 622
	Барлығы:	275 992 313	260 497 717	288 106 426	285 611 829	300 256 203	297 761 606

Ескертпе: аббервиатуралардың толық жазылуы:
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар
МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік
міндеттемелер